ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті

Ө.А. Байқоңыров атындағы тау-кен металлургия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы

АБДИСАЛАМОВА ГҮЛЖАЙНА ИНЬЯТДИНҚЫЗЫ

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: «МЫС КЕНІН ӨҢДЕЙТІН БОЗШАКӨЛ БАЙЫТУ ФАБРИКАСЫНЫҢ БАЙЫТУ БӨЛІМІНІҢ ЖОБАСЫ. ЖЫЛДЫҚ ӨНІМДІЛІГІ 5 МИЛЛИОН ТОННА»

5В073700 – Пайдалы қазбаларды байыту мамандығы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Ө.А. БАЙҚОҢЫРОВ АТЫНДАҒЫ ТАУ-КЕН МЕТАЛЛУРГИЯ ИНСТИТУТЫ
МЕТАЛЛУРГИЯ ЖӘНЕ ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДЫ БАЙЫТУ КАФЕДРАСЫ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

ДОПУЩЕН К ЗАЩИТЕ
НАО «КазНИТУ им. К.И. Сатпаева»
Горно-металлургический
институт им. О.А. Байконурова

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ:
МжПҚБ кафедрасының меңгерушісі
техника ғылымдарынң кандидаты
_____ М.Б. Барменшинова
«17» 05 2019 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: «МЫС КЕНІН ӨҢДЕЙТІН БОЗШАКӨЛ БАЙЫТУ ФАБРИКАСЫНЫҢ БАЙЫТУ БӨЛІМІНІҢ ЖОБАСЫ. ЖЫЛДЫҚ ӨНІМДІЛІГІ 5 МИЛЛИОН ТОННА»

5В073700 – Пайдалы қазбаларды байыту мамандығы

Орындаған: _____ Абдисаламова Гүлжайна Иньятдинқызы

Ғылыми жетекші:
PhD доктор, сениор-лектор _____ А.Р. Мамбеталиева

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы

БЕКІТЕМІН:
МжПКБ кафедрасының меңгерушісі
техника ғылымдарынң.кандидаты
_____ М.Б. Барменшинова
«17» 10 _____20 18 ж.

Дипломдық жобаны
орындауға
ТАПСЫРМА

Студент: Абдисаламова Гүлжайна Иньятдинқызы

Тақырыбы: «Мыс кенін өңдейтін Бозшакөл байыту фабрикасының байыту бөлімінің жобасы. Жылдық өнімділігі 5 миллион тонна»

Университет ректорының № 1113-б «8» 10.2018 бұйрығымен бекітілді.

Толық жобаны тапсыру мерзімі: «23» маусым 2019 ж.

Дипломдық жобаға бастапқы мәліметтер: Дипломалды тәжірибеден мәліметтер

Дипломдық жобада орындау қажет болған мәселелер тізімі:

а) Технологиялық шешімдерді жасау; б) Негізгі және қосалқы құрылғыны таңдау және есептеу; в) Технологиялық процестерді қауіпсіз жүргізу бойынша іс-шаралар жүргізу; г) Жобаның экономикалық бөлімі.

Графикалық материалдар тізімі (міндетті сызбаларды нақты көрсетумен): жалпы жоспар; құрылғыны цехте орналастыру – жоспары, қималары; қайта өңдеудің технологиялық сұлбасы.

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер:

1. А.А. Абрамов Технология переработки и обогащения руд цветных металлов.М: Изд. МГГУ, 2005.
2. Қ.Т. Көшербаев Флотациялық байыту әдістері – Алматы 2012
3. Қ.Т. Көшербаев Кен байыту негіздері –Алматы 2011.
4. Ю.Г. Сажин Расчеты схем рудоподготовки и выбор оборудования для дробления, грохочения, измельчения и классификации-Алматы 2005.

Дипломдық жобаны дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атауы, игерілетін мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшіге көрсету мерзімдері	Ескертпе
Технологиялық сұлбаны негіздеу және есептеу	4.03.2019 - 11.03.2019	
Құрылғыны таңдау және есептеу	11.03.2019 –20.03.2018	
Сызбаларды дайындау	26.03.2019 –39.03.2019	
Қауіпсіздік және еңбек қорғау	25.03.2019 – 19.04.2019	
Техникалық-экономикалық есептеулер	25.04.2019 – 19.04.2019	
Түсіндірме жазбаны рәсімдеу	1.05.2019 – 14.05.2019	

Жобаның қатысты бөлімін көрсету мен толық дипломдық жобаға кеңесшілер мен норма бақылаушының

ҚОЛДАРЫ

Бөлімдердің атауы	Ғылыми жетекші, кеңесшілердің аты-жөні (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қою күні	Қолы
Экономикалық бөлім	PhD доктор, сениор лекторы А.Р.Мамбеталиева	17.05.2019	
Қауіпсіздік және еңбек қорғау бөлімі	PhD доктор, сениор лекторы А.Р.Мамбеталиева	17.05.2019	
Норма бақылау	М және ПҚБ каф. лекторы И.Ю.Мотовилов	15.05.2019	

Ғылыми жетекші _____ А.Р. Мамбеталиева

Тапсырманы орындауға қабылдады _____ Г.И. Абдисаламова

Күні және қолы « 17 » мамыр 2019ж.

Протокол анализа Отчета подобия Научным руководителем

Заявляю, что я ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

Автор: Абдисаламова Гүлжайна Иньятдинқызы

Название: Мыс кенін өңдейтін Бозшакөл байыту фабрикасының байыту бөлімінің жобасы. Жылдық өнімділігі 5миллион тонна

Координатор: Алима Мамбеталиева

Коэффициент подобия 1:45,2

Коэффициент подобия 2:19,1

Тревога:112

После анализа Отчета подобия констатирую следующее:

- ☐ обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, признаю работу самостоятельной и допускаю ее к защите;
- ☐ обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- ☐ обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, не допускаю работу к защите.

Обоснование:

Выполненный дипломный проект студента Абдисапамова Г.И. является самостоятельно выполненной работой, не обладает признаками заимствования. Дипломный проект допускается к защите.

PhD, лектор. Мамбетапиева А.Р

Дата

Подпись Научного руководителя

заведующего кафедрой / начальника структурного подразделения

Заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения заявляет, что ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

Автор: Абдисаламова Гүлжайна Иньятдинқызы

Название: Мыс кенін өңдейтін Бозшакөл байыту фабрикасының байыту бөлімінің жобасы. Жылдық өнімділігі 5миллион тонна

Координатор: Алима Мамбеталиева

Коэффициент подобия 1:45,2

Коэффициент подобия 2:19,1

Тревога:112

После анализа отчета подобия заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения констатирует следующее:

- обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, работа признается самостоятельной и допускается к защите;
- обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, работа не допускается к защите.

Обоснование:

Выполненный дипломный проект студента 4-курса, специальности 5В073700-Обогащение полезных ископаемых Абдисаламова Гулжайна Иньятдинкызы является самостоятельно выполненной работой не обладает признаками плагиата

14.05.2019 Тармешикова М.Б.

Дата *Подпись заведующего кафедрой /*

начальника структурного подразделения

Окончательное решение в отношении допуска к защите, включая обоснование:

Выполненный дипломный проект студента Абдисаламовой Д.Ч. является самостоятельно выполненной работой, не обладает признаками заимствования. Дипломный проект допускается к защите

Фарменшенова М.Б.

Дата 14.05.2019

Подпись заведующего кафедрой /

начальника структурного подразделения

Ғылыми жетекшінің пікірі

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

(жұмыс түрінің атауы)

Абдисаламова Гүлжайна Иньятдинқызы

(білім алушының Т.А.Ә.)

5В073700 – Пайдалы қазбаларды байыту

(мамандық атауы мен шифрі)

Тақырыбы: «Мыс кенін өңдейтін Бозшакөл байыту фабрикасының байыту бөлімінің жобасы. Жылдық өнімділігі 5миллион тонна»

Осы дипломдық жобада Бозшакөл байыту фабрикасының мыс кенін байыту технологиялық және су шлам схемаларын есептеумен қатар, фабрика жұмысына қажетті негізгі және қосалқы жабдықтар таңдалынып алынған. Мыс кенің флотациялаудың принциптік схемасы көрсетілген.Жобада арнайы үрдістер мен техника экономика бөлімі және қауіпсіздік және еңбек қорғау, процестерді басқару бөлімдері қоршаған ортаны қорғау қарастырылған. Дипломдық жұмысты студентке берілген тақырыпқа сай жүргізілген.Сондай-ақ түсініктеме жазбада қажетті есептеулер мен жабдықтар таңдау жолдары толық келтірілген.

Жалпы дипломдық жоба толығымен орындалған және «өте жақсы» (А, 93 %) деген бағаға лайық. Абдисаламова Гүлжайна Иньятдинқызы Пайдалы қазбаларды байыту мамандығы бойынша білікті маман болуға дайын екенін көрсете алды және бакалавр дәрежесіне сай деп есептеймін.

Ғылыми жетекші
ҚазҰТЗУ PhD доктор, сениор

_____ А.Р. Мамбеталиева

«15» маусым 2019 ж.

АҢДАТПА

Дипломдық жобада Бозшакөл мыс кенін байыту технологиясы ұсынылған. Технологиялық схеманы таңдағанда байытылатын кеннің минералдық және заттық құрамдары ескерілген.

Жобада бастапқы минералдық шикізатты өңдеу алдында атқарылатын кен дайындау процесінің деректері келтірілген. Ұсынылған технологиялық сұлбаның есептеулері берілген, соның негізінде негізгі және қосалқы құрал-жабдықтар таңдалынып есептелінген. Бұл жұмыста кенді байытуға дайындау процесімен қатар негізгі технологиялық схемалар және реагенттік режимнің әртүрлі варианттары беріледі.

Дипломдық жобада сондай-ақ еңбек және қоршаған ортаны қорғау және бастапқы минералдық шикізатты өңдеуге арналған технологияның экономикалық бөлімдері келтірілген.

АННОТАЦИЯ

В дипломном проекте представлена технология обогащения медных руд Бозшаколь. При выборе технологической схемы учитываются минеральные и минеральные составляющие обогащенной руды.

В проекте приведены данные о процессе добычи первичного минерального сырья. Предложена схема расчета предлагаемой технологической схемы, на основе которой выбрано основное и вспомогательное оборудование. В данной работе наряду с процессом подготовки обогащения руд приведены основные технологические схемы и различные варианты режимов реагентов.

Дипломный проект также описывает экономические аспекты охраны труда и окружающей среды и технологии переработки первичного минерального сырья.

ANNOTATION

In the thesis project presents the technology of enrichment of copper ores Bozshakol. When choosing a technological scheme, mineral and mineral components of enriched ore are taken into account.

The project provides data on the process of extraction of primary mineral raw materials. A calculation scheme for the proposed technological scheme is proposed, on the basis of which the main and auxiliary equipment is selected. In this paper, along with the process of preparation of ore dressing, the main flow diagrams and various options for reagent modes are given.

The diploma project also describes the economic aspects of labor protection and the environment and the processing technology of primary mineral raw materials.

МАЗМҰНЫ

	КІРІСПЕ	9
1	Жалпы түсіндірмелі жазба	10
1.1	Бозшакөл мыс кен байыту фабрикасына жалпы шолу	10
1.2	Мыс флотациясына және кенге сипаттама	11
1.3	Мыс кенін флотациялық байыту	12
1.4	Мыс минералдарының химиялық құрамы	13
2	Өндіріс технологиясы	16
2.1	Цехтардан жұмыс істеу режимдері және олардың өнімділігін есептеу	16
2.2	Ұсату схемасын таңдау және есептеу	17
2.3	Ірілік сипаттамасын есептеу	18
2.4	Ұнтақтау схемасын таңдау және есептеу	21
2.5	Металл тепе – теңдігін және байытудың санды схемасын есептеу	22
2.6	Флотацияның толық схемасын есептеу	
2.7	Сусыздандыру схемасын есептеу	23
2.8	Су мөлшерін есептеу	27
3	Негізгі құрал-жабдықтарды есептеу	28
3.1	Ірі ұсату сатысына ұсатқыштар тандаймыз	34
3.2	Елеу жабдықтары	34
3.3	Ұнтақтау жабдықтары	36
3.4	Сұрыптағыш жабдықтарын есептеу және таңдау	38
3.5	Байытуға арналған жабдықтарды таңдау және есептеу	40
3.6	Сусыздандыру жабдықтарын таңдау және есептеу	42
3.7	Қосалқы жабдыктарды есептеу және таңдау	43
3.8	Сынама алу және бақылау	44
3.9	Реагенттер бөлімі	45
3.10	Бункерлер мен қоймалар	45
3.11	Қалдық қоймасы	45
4	Еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау	46
4.1	Еңбек қорғау заңдары	47
4.2	Қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың анализі	47
4.3	Өндірістік санитария	47
4.4	Жарықтандыруды ұйымдастыру	47
4.5	Техника қауіпсіздігі	48
5	Экономикалық бөлім	48
5.1	Ғимараттарға кеткен шығын және олардың амортизациясы	50
5.2	Өзіндік құн және шикізат өңдеу калькуляциясы	50
5.3	Еңбекті ұйымдастыру	51
	ҚОРЫТЫНДЫ	52
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	53

КІРІСПЕ

Осы дипломдық жобада біз «Бозшакөл-мыс кенін байыту фабрикасы» жөнінде көптеген ақпараттар алатын боламыз. Мұнда процесттің жүруін нақты қадағалап, қандай аппараттар қолданылатыны жайында тың мәліметтер алатын боламыз.

Жалпы Жер қойнында мыс 170 минералдың құрамында кездеседі, солардың ішінен өндірістік жағдайда тек 17 минералдан ғана мыс алынады. Осы себепті біздің байыту фабрикамызда тәулігіне қанша тонна концентрат алынатыны және фабрика өнімділігі қандай екеніне көз жеткізуіміз керек. Жалпы мыс минералының барлық сульфидті минералдарының флотоактивтілігі жоғары, сондықтан көпшілік жағдайда мыс минералын флотациялық байыту арқылы мыс концентратын алуға болады.

Жобада қабылданған технологиялық өңдеу сұлбасы, кеннің қасиетіне қарай, мысты кеннен бөліп алуда құмды және шламды флотацияны қарастырады. Құмды және шламды бөлек-бөлек байытылады. Құмды фракцияларды флотациялауда, тазалау және бақылау флотациядан шыққан өнімдер қосымша ұнтақталып, ары қарай өңделеді. Кенді флотациялау сұлбасында шламды және құмды кен фракциялары бөлек флотацияланып, соңында олардан алынған өнімдер бірге флотацияланады. Қабылданған технологиялық сұлба жоғары технологиялық көрсеткіштерге жетуге мүмкіншілік береді. Технологиялық сұлбаның санды-сапалы және су-шламды есептеулері орындалады.

1 Жалпы түсіндірмелі жазба

1.1 Бозшакөл мыс кен байыту фабрикасына жалпы шолу.

Бозшакөл мыс кен орны – Павлодар қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 125 км жердегі мысты порфир типті ірі кен орны. 1930 жылы Р.А.Борукаев Бозшакөл мыс кен орнын ашқан.

Кен орын Бозшакөл антиклинорийінің оңтүстігінде қанатында орналасқан. Оның жаралу тегі төменгі кембрийдің негізгі құрамды жанартаулық жыныстарын кесіп өтетін сығылма тәрізді плагиогранит-порфир интрузиясымен байланысты. Мұнда ендік бағыттағы уатылу белдемін бойлай орналасқан екі кен денесі бар.

Басты кен минералдары – пирит, халькопирит, молибденит, магнетит, олар сыйыстырушы жыныстарда ұсақ және сеппе түрінде таралған. Тотығу белдемінің тереңдігі 3-40 м. Кен құрамында мыс, молибден, сондай-ақ алтын, күміс, рений, кобальт, т.б. бар. Кен орындағы металл мөлшері шамалы болса да қоры мол, ашық әдіспен алуға қолайлы. Кен орнын толық барланып, игеруге болады.

Павлодар облысында орналасқан Бозшакөл КБК өндіріс жұмысы 2016 жылдың бірінші тоқсанында басталды. Бозшакөл кен байыту фабрикаларының жылдық жобалық қуаты 30 млн тонна кенді құрайды. Кен орнынның пайдалану мерзімі – 40 жылдан астам. Кендегі мыс құрамы 0,36%. Операциялық шығындар бойынша Бозшакөл халықаралық мыс өндіруші жобалар арасында бірінші квартильге кіреді. Кен байыту фабрикаларын іске қосқаннан кейінгі алғашқы 10 жылдағы жобаланған таза ақшалай өзіндік құн орта есеппен 80-100 АҚШ центін/фунт (2015 жылдың бағаларына сәйкес). Орташа жылдық өндіріс көлемі – алғашқы 10 жылда катодты эквивалентегі 100 мың тонна мысты және 120 мың унция концентраттағы алтынды құрайды.

Құрылыстың басталуы – 2012 жыл

Іске қосу: 2016 жылдың бірінші тоқсаны

Қуаты және өндіріс көлемі: Сульфидті кенді қайта өңдейтін кен байыту фабрикасының жобалық қуаты жылына 25 млн тонна кенді құрайды.

Алғашқы 10 жылда орта есеппен өндіріс көлемі 100 мың тоннан катодты мысты құрайды:

Сульфидті кенді қайта өңдейтін кен байыту фабрикасы – жылына 84 мың тонна;

Балшық аралас кенді қайта өңдейтін байыту фабрикасы – жылына 16 мың тонна.

Ілеспе өнім: 120 мың унция концентраттағы алтын.

Жабдықтар:

Бастапқы үгіту қондырғысы:

Өнімділігі – жылына 25 млн тонна кен, сағатына 4186 тонна

TS конусты үгіту қондырғысы, 60” х 113”, әлемдегі ірі қондырғының бірі

Қондырғының қуатты – 750 кВт

Өндіруші: FLSmidth

Өздігінен жартылай ұсақтау қондырғысы (SAGMill), редукторсыз жетекпен: Көлемі жағынан әлемде екінші орында

Өнімділігі – сағатына 3 425 тонна

Қондырғының қуатты – 28 МВт, минутына 9,31 айналым

Диаметрі – 12,2 м, ұзындығы – 7,9 м

Диірмен – FLSmidth

Шар диірмендері (2 дана), редукторсыз жетекпен:

Әлемдегі ең ірі диірмен

Диаметрі – 8,5 м, ұзындығы – 13,4 м

Қуаты – сағатына 1 706 тонна (х2)

Қондырғының қуаты – 22 МВт, минутына 10,99 айналым

Диірмен – FLSmidth

Технология: Кен үш сатыда ұсақталады. Бірінші сатыда кен бастапқы үгіту қондырғысынан өтеді (TS, 60” х 113”). Содан соң кен ұсақтаудың екінші сатысынан өтеді. Бұл сатыда өздігінен жартылай ұсақтайтын SAGMill диірмені пайдаланылады. Ұсақтаудың үшінші сатысында кен редукторсыз шар диірмендердің көмегімен уатылады.

Ұсақталған материал флотация корпусында байытылады.

Флотация – сағатына 1 576 тонна қатты заттарды өңдеу.

Өндіруші – FLSmidth/WEMCO

Қосымша ұсқатау – жұқалап уататын IsaMillM10 000 диірмені

Ұзындығы – 21 м

Қуаты – 3 МВт

Қызықты дерек:

Бозшакөлдегі бастапқы үгіту қондырғысы сағатына 4 мың тонна кенді қайта өңдейді. Бұл – 60 вагоннан тұратын жүк теміржол құрамына тең!

Дайын өнім:

Құрамында мыс, сонымен қатар алтын, күміс және молибден сынды ілеспе өнімдері бар мыс концентраты

1.2 Мыс флотациясына және кенге сипаттама

Мыс, *Cu* – элементтердің периодтық жүйесінің I-тобындағы химиялық элемент, атомдық нөмірі 29, атомдық массасы 63,546. Табиғатта тұрақты екі изотопы бар: ^{63}Cu және ^{65}Cu. Жер қыртысындағы массасы бойынша мөлшері 4,7.10–3%. Барлық мыс минералының 80% -на дейін сульфидті кендерден

алынады және тек 15% мыс тотығу рудаларынан және шамамен 5% -дан табиғи мыстан өндіріледі.

Негізгі минералдары - халькопирит, халькозин, ковеллин, малахит, азурит. Пластикалық қызыл түсті металл, кристалл торы қырлары центрленген кубтық, тығыздығы 8,94 г/см^3, балқу t 1084,5°С, қайнау t 2540°С, тотығу дәрежесі +1, +2. Құрғақ ауадағы бөлме температурасында тотықпайды. Қыздырғанда ауада CuO және Cu_2O-ға дейін тотығады, галогендермен, S, Se, HNO_3, H_2SO_4-пен әрекеттеседі. Аммиак, цианидтермен, т.б. кешенді қосылыстар түзеді.

Бұл өнімдерде пайдалы концентрат мөлшері бастапқы шикізаттағыдан көп болады. Оларды байыту фабрикасына тікелей пайдалануға немесе металлургиялық өңдеуге жіберуге болады. Металлургиялық өңдеуге жіберудің алдында оларды флотациялық байытудан өткізеді. Мыс кенін байыту барысында негізгі алынатын өнім, құрамындағы мыс 55%-ға жететін (көбінесе 10%-дан 30%-ға дейін) мыс концентраты болып табылады. Ал флотация кезінде мыстың концентратқа өту шығымы 80%-дан 95%-ға дейін болады. Байыту барысында мыс концентратынан басқа қосымша пиритті және түсті металдар концентраттары (мырышты, молибденді, т.б.) алынады.

1.3 Мыс кенін флотациялық байыту

Мыс кендерін шартты түрде келесі түрлерге бөлуге болады; сульфидті (құрамында 25% - дан аспайтын тотыққан мыс бар), тотыққан (құрамында 25% - дан аспайтын сульфид бар) және аралас (аралық түрі). Ресейдің мыс кендеріне гравитациялық байыту әдістері қолданылмайды; бұл кендерді тек флотациямен байытады.

Сульфидті кендер тегістелген және тұтас болып бөлінеді. Мыстың ең көп қоры жабылған кендермен берілген. Бұл кендерде ірі флотациялық фабрикалар жұмыс істейді [Моренси — 55 000 т/тәулік, Артур және Магна (АҚШ) бірге 90 000 т/тәулік, Қазақстанда — Жезқазған, Балқаш, Алмалық ж9мыс жасайды. Көп жағдайда бұл кендер ашық жолмен өндіріледі.

Қоспаланған кендерді байыту схемасы - сульфидтердің негізгі массасының кедей концентраттарға салыстырмалы түрде ірі ұсақтау кезінде бөлінуі мүмкін (-0,5 мм-ге дейін).

Бос жыныстары бар сульфидтердің ірі түйіршікті өсінділерін флотациялау нәтижесінде мыс алуды арттыру үшін процеске ксантат пен көбіктендіргіштен басқа көмірсутектер қосылады. Алынған кедей концентраттар кейіннен тұйық циклде майдалап, тазартылады. Кейбір жағдайларда ірі концентраттарды тазартқаннан және қалдықтарды флотациялағаннан кейін алынатын өнеркәсіп өнімдері ғана майдаланады. Өнеркәсіптік өнімдер сульфидтерді кварцтан босату қажет болған жағдайда

майдаланады. Концентраттарды ұнтақтаудың мақсаты-тек кварцпен ғана емес, сонымен қатар. және пириті бар мыс минералдарының өсінділері.

Мыс минералдары табиғатта сульфидті және оксидті болып келеді. Мыс сульфидтерін флотациялауда ең жиі қолданылатын жинағыш ксантогенаттар. Бутил ксантогенатымен халькопирит pH=6-11 де флотацияланса, халькозин pH=1-13 арасында жақсы флотацияланады. Ксантогенаттан басқада жинағыштармен: дитиофосфат және дитиокарбанатпенде жақсы флотацияланады.

Мыс сульфидтерінің,оның ішінде халькопириттің күшті басқышы- циан тұздары. Мыс минералдарын қорғасын сульфидінен, молибденнен бөлуде цианидтерді қолданған жөн. Цианидтердің басу қасиеті қандай ксантогенат қолданылғанына байланысты: егер этил ксантогенаты қолданылса цианид шығыны аз болады , ал бутил ксантогенаты қолданылғанда қажетті шығын көбейеді.

Мыстың тотықты минералдары- малахит, азурит және куприт – кендеріде жиі кездеседі. Олар сульфидті кендерде үнемі кездессе, кей кендердің негізі солардан тұрады. Олар тек алдын-ала сульфидтендіріліп, сульфгидрильді жинағыштармен флотацияланады. Сульфидтегіш ретінде күкіртті натрийді (Na2S) қолдануға болады. Сульфидтеуде басты роль атқаратын факторлар- ортаның Рн-ы және сульфидтеу уақыты. Сульфидтеу және жинағышпен араластыру 30с мөлшерінде жүргізіледі. Көп уақыт араластырылса пайда болған сульфидті қабат сыдырылып қалады. Олардың кендегі пайыздық үлесіне байланысты күкіртті натрий шығыны 200-1000г/т мөлшерінде болады. Малахит және азуритті сульфидтеуде pH-тың оңтайлы мәні 8-10. бұл минералдарды майлы қышқылдармен және алкилсульфаттарменде флотациялауға болады. Бірақ бұл әдіс қолданылмайды. Себебі, біраз тотықты бос жыныс минералдары бірге флотацияланып, концентрат сапасы төмен болады. Мыстың силикатты минералы- хризаколла өте нашар флотацияланады. Сондықтан ол үшін арнаулы бір әдістер, не гидрометаллургиялық әдістерді қолдану қажет.

Кеннің негізгі ерекшеліктерін ескеріп, сондай-ақ жұмыс істеп отырған фабриканың нәтижесіне сүйеніп, байытуға флотация әдісін қолданған жөн. Мыс кенін флотациялық байытқанда технологиялық схемалардың ішінен селективті байыту әдісін таңдап алуды жөн көрдік. Бұл схема бойынша сұрыптау процесінен кейін мыстың негізгі флотациясы жүреді. Одан кейінгі бақылау процесінен шыққан камералық өнім екінші негізгі мыс флотациясына жіберіледі. Селективті байыту схемасын қолдану кен құрамындағы пайдалы компоненттердің сепкілдігінің біркелкі еместігіне тікелей байланысты сондықтан кен сатылы байытылады.

1.4 Мыс минералдарының химиялық құрамы

Мыстың негізгі минерал кендерді (халькопирит, борнит және галенит) жоғары тығыздықта салыстырмалы төменгі қаттылығында, жоғарғы жұмсақтығында және құмды сұрыптауда шламданады.

Кесте 1 - Мыс минералының химиялық құрамы

Компонент атауы	**Бағалы заттың үлесі, %**	
	Мыс кені	
1	**2**	
Мыс	1,68	
Мырыш	0,31	
Күкірт	44,17	
Кремнезем	4,2	
Алюминий тотығы	5,33	
Кальций тотығы	1,26	
Магний тотығы	0,13	
Кобальт	0,043	
Кадмий	0,016	
Мышьяк	0,036	
Қалайы	0,067	
Темір	44,46	
Галлий, г/т	2,3	
Германий г/т	0,08	
Селен г/т	78,80	
Теллур г/т	22,66	
Таллий г/т	8,80	
Индий г/т	11,00	
Фтор г/т	23,86	

Бұл көрсеткіштерде әртүрлі компонентердегі мыстың үлесі көрсетілген. Себебі мыс минералы табиғатта көптеген минералдармен қауышпа түрде де кездеседі

Кесте 2 - Мыстың негізгі минералдарының сипаттамалары

Минерал аты	Формула	Мыстың үлесі, %	Тығыздығы, г/см^3	Қаттылығы
Біріншілік сульфид				
Халькопирит	$CuFeS_2$	34,6	4,1-4,2	3-4
Туынды сульфидтер				
Халькозин	Cu_2S	79,9	5,5-5,8	2,5-3
Ковеллин	CuS	64,5	4,6-4,7	1,5-2
Борнит	Cu_5FeS_4	63,3	4,5-5,3	3
*Сульфотұзда***р**				
Тетраэдрит	$Cu_{12}Sb_4S_{12}$	45-51	4,4-5,1	3-4
Теннантит	$Cu_{12}As_4S_{12}$	45-51	4,4-5,1	3,5
Тотықтар				
Куприт	Cu_2O	88,8	5,8-6,2	3,5-4
Тенорит	CuO	79,9	5,8-6,4	3,5-4
Карбонаттар				
Малахит	$Cu_2(CO_3)(OH)_2$	57,4	3,9-4,1	3,5-4
Азурит	$Cu_3(CO_3)_2(OH)_2$	55,3	3,7-3,9	3,5-4
Силикат				
Хризоколла	$CuSiO_3 \cdot nH_2O$	45 дейін	2,0-2,3	2-4
Сульфаттар				
Халькантит	$CuSO_4 \cdot 5H_2O$	25,4	2,2-2,2	2,5
Брошантит	$Cu_4(SO_4)(OH)_6$	38,8	3,8-3,9	3,5-4

Кестедегі мыс минералдарының ішінде жиі кездесетіндері халькопирит, туынды сульфидтер- борнит, халькозин пен ковеллин, тотықты минералдары- малахит пен азурит, силикатты минералы- хризаколла.

1. Кенді байытуға дайындау үшін төмендегідей процестер қолданылады:
   - ірі ұсату;
   - орта мен майда ұсату;
   - майда ұнтақтау мен сұрыптау.
2. Көмекші процестер:
   - қойылту;
   - сүзу;
   - құрғату.

Көпшілік прцестер ТМД елдерінде жасалған жабдықтармен іске асырылып отыр. Фабрика құрамына төмендегідей цехтар және бөлімдер кіреді:

- ірі ұсату цехы;
- орта және майда ұсату цехы;
- бас корпус;
- сүзу және кептіру цехы;

2 Өндіріс технологиясы

2.1 Цехтардан жұмыс істеу режимдері және олардың өнімділігін есептеу

Жобаланатын фабриканың өнімділігі жылына 5000000 тонна кен. Ұсату цехы рудникпен бірдей уақыт істейді, яғни жылына 305 күн, жұмыс істеу 3 ауысымда 8 сағаттан тұрады. Кен ылғалдылығы: 5%. Бөліп алу дәрежесі: εCu=85%.

Ұсату цехының тәуліктік өнімділігі келесі формуламен анықталады:

Qтәул.= $\frac{Q\text{ж}}{N}$, т/тәул.,

Мұндағы - Qтәул.-тәулік өнімділік, т/тәул.,

N-жылдағы жұмыс күнінің саны

Qтәул.= $\frac{5000000}{305} = 16393{,}4$ т/тәул.,

Сағаттық өнімділік мына формуламен:

Qсағ.= $\frac{Q\text{тәәул.}}{m \cdot n \cdot \eta}$, т/сағ.,

Мұндағы - Qсағ.-сағаттық өнімділік, т/сағ.,

m-тәуліктігі жұмыс ауысымының саны;

n-ауысымдағы жұмыс сағаттарының саны;

η -кеннің физикалық қасиеттерінің біркелкі еместігін есептейтін коэффициент, η=0,95.

Qсағ.= $\frac{16393{,}4}{3 \cdot 8 \cdot 0{,}95}$ = 719т/сағ.

Фабриканың бас корпусы жылына 365 күн жұмыс істейді.

Жұмыс атқаратын құрал-жабдықтардың қозғалу коэффициентін ескере отырып, тәулік өнімділікті есептеуде технологиялық жобалау нормаларына сәйкес бас корпустың жұмыс күндерінің санын 340-тен деп қабылдаймыз.

Qтәул.= $\frac{5000000}{340} = 14706$ т/тәул

Бас корпус 3 ауысымда 8 сағаттан жұмыс істейді, оның сағаттық өнімділігі:

Qсағ.= $\frac{14706}{3 \cdot 8 \cdot 0{,}75}$ = 817т/сағ.

1. Процеске түсетін кендегі ең ірі кесек диаметрі: 750мм;
2. Ұсатылған кеннің номиналды ірілігі: d_H=10 мм;
3. Кеннің каттылық коэффициенті: f=15;
4. Кеннің ылғалдылығы: W=5%
5. Кеннің орта өлшемдегі тығыздығы: 2,7 т/м^3;

6. Кеннің үйінді тығыздығы: 1,65 т/м^3;
7. Ұсатудың I сатысында салыстырмалы жоғарғы ірілік жақты ұсатқыш үшін z=1.7, ал конусты ұсатқыш үшін z=1.6-ға тең.

Кесте 3 - Іріліктің құрамын талдау нәтижесі

Ірілік клас үлесі Д max	Класс ірілігі, мм	Шығым, %	Қосынды шығым «+»
+Д max	+750	0	0
-Д max + 1/2 Д max	-750+375	58	58
-1/2 Д max - 1/4 Д max	-375+188	25	83
-1/4 Д max + 1/8 Д max	-188+94	10	93
-1/8 Д max + 1/16 Д max	-94+47	4,1	97
-1/16Д max + 1/32 Д max	-47+24	1,7	99
-1/32 Д max + 0	-24+0	1,2	100



Сурет 1 - Ірілік құрамының графигі

2.2 Ұсату схемасын таңдау және есептеу

1) Жалпы ұсату дәрежесі:

$$Sж = \frac{D_{MAX}}{d\max} = \frac{750}{10} = 75 \qquad (3.5)$$

2) Орташа ұсату дәрежесі:

$$Soop = \sqrt[3]{Sж} = \sqrt[3]{75} = 4{,}2\,, \qquad (3.6)$$

3) Ұсатудың жеке-дара дәрежелері:

$$S_I = \frac{D_{MAX}}{d_1} = \frac{750}{306} = 2{,}5$$

$$S_{II} = Soop = 4{,}2 \qquad (3.8)$$

$$S_{III} = \frac{Sж}{S_I * S_{II}} = \frac{75}{2{,}5 \cdot 4{,}2} = 7{,}2$$

4) Ұсатқан кеннің номиналды ірілігі:

$$d_I = \frac{D_{MAX}}{S_I} = \frac{750}{2,5} = 306 \text{ мм}, \quad (3.10)$$

$$d_{II} = \frac{d_I}{S_{II}} = \frac{306}{4,2} = 72 \text{ мм}, \quad (3.11)$$

$$d_{III} = \frac{d_{II}}{S_{III}} = \frac{72}{7,0} = 10 \text{ мм}, \quad (3.12)$$

5) Ұсатқыш жырығының мөлшері:

$$i_{II} = \frac{d_{II}}{z_{II}} = \frac{72}{1.8} = 40 \text{ мм}, \quad (3.13)$$

мұнда z - сандық маңызын белілі сипаттамаға сәйкес кеннің қаттылығы мен әр ұсату сатыларын ескере отырып қабылдаймыз.

Саты бойынша елеу тиімділігі: E_{II}=80 %;

E_{III}=85 %

2.3 Ірілік сипаттамасын есептеу

Кесте 4 - III өнімнің ірілік сипаттамасы (b_p=176 мм)

Анықталатын класс, b_p	Класс ірілігі,мм	"+" бойынша класс шығыны	"-" бойынша класс шығыны
0,2*176	35	90	10
0,4*176	70	80	20
0,8*176	140	50	50
1,2*176	210	25	75
1,7*176	300	5	95

Кесте 5 - IV өнімді есептеу

Класс ірілігі,мм	"-" бойынша класс шығыны	"+" бойынша класс шығыны
	$\beta_4^{-35}=\beta_0^{-35}+b_0^{+176}*\beta_3^{-35}$=1,65+0,88*10=10,5	89,5
	$\beta_4^{-70}=\beta_0^{-70}+b_0^{+176}*\beta_3^{-70}$=2+0,88*20=19,6	80,4
	$\beta_4^{-140}=\beta_0^{-140}+b_0^{+176}*\beta_3^{-140}$=10+0,88*50=54	46
	$\beta_4^{-210}=\beta_0^{-210}+b_0^{+210}*\beta_3^{-210}$=21+0,79*75=80,25	19,75
	$\beta_4^{-300}=\beta_0^{-300}+b_0^{+300}*\beta_3^{-300}$=30+0,70*95=96,5	3,5

Кесте 6 - VII өнімнің ірілік сипаттамасы b_p=33мм, d_{II}=72мм

Анықталатын класс, b_p	Класс ірілігі,мм	"+" бойынша класс шығыны	"-" бойынша класс шығыны
0,2*72	15	82	18
0,4*72	29	58	42
0,6*72	43	32	68
0,8*72	58	15	85
1*72	72	5	95

Кесте 7 - VIII өнімді есептеу

Класс ірілігі,мм	"-" бойынша класс шығыны	"+" бойынша класс шығыны
15	$\beta_8^{-15}= \beta_4^{-15}+b_4^{+40}*\beta_7^{-15}=7+0,88*18=23$	77
29	$\beta_8^{-29}=\beta_4^{-29}+b_4^{+40}*\beta_7^{-29}=11+0,88*42=48$	52
43	$\beta_8^{-43}=\beta_4^{-43}+b_4^{+43}*\beta_7^{-43}=15+0,85*68=73$	27
58	$\beta_8^{-58}=\beta_4^{-58}b_4^{+58}*\beta_7^{-58}=18+0,82*85=88$	12
72	$\beta_8^{-72}=\beta_4^{-72}+b_4^{+72}*\beta_7^{-72}=20+0,80*95=96$	4



Сурет 2 - IV өнімнің гранулометриялық сипаттамасы



Сурет 3 - VIII өнімнің гранулометриялық сипаттамасы

Тандап отырған ұсату схемасы үш сатыдан тұрады. Соңғы майда ұсатудан алынған ірілік -10 мм. Кенді алдын ала елеу орташа және майда ұсату процесінде қолданылады. Бастапқы кен ірілігі - 750мм.

Тандап алынған ұсатқыштар ұсату цехының өнімді және үздіксіз сапалы жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.



Сурет 4 - Ұсату схемасы

2.4 Ұнтақтау схемасын таңдау және есептеу

Ұсақ және майда сеппелі кендер байытылғанда ұсату процестерінен кейін ұнтақтау процестері жүргізіледі. Байыту процестерінің тиімділігі ұнтақтау процесінің нәтижесімен тығыз байланысты.

Екі сатылы ұнтақтау схемасы өте майда өнім алу үшін және кенді артық байытқанда қолданылады. Соңғы жағдайда бірінші ұнтақтаудан кейін кен байытуға түсіп, камералық өнім екінші ұнтақтауға жіберіледі, майда ұнтақталған кен байытудың екінші байыту сатысына барады.

Бірінші сатыдағы диірменнің және сұрыптағыштың өзара орналасуына қарай екі сатылы ұнтақтау схемалары үш топқа бөлінеді: I - бірінші саты ашық цикл, II - бірінші саты толық тұйық цикл, III - бірінші саты жартылай тұйық цикл. Екінші сатыдағы диірмен тек тұйық циклде жұмыс істейді. Екінші сатының алдында міндетті түрде алдын ала сұрыптау процесі орындалады. Себебі, бірінші ұнтақтау сатысының нәтижесінде көп мөлшерде дайын класс пайда болады.



Сурет 5 - Ұнтақтау схемасы.

Таңдап алынған ұнтақтау схемасы екі сатылы. I сатысы және II сатыссы бақылау сұрыптауымен тұйық циклде жұмыс істейді.

I сатыдағы ұнтақтау процессіндегі айналмалы жүk мөлшері С=120%

II сатыдағы ұнтақтау процесіндегі айналмалы жүk мөлшері С=180%. Байыту өнімдерінің шығымдарын (γ) анықтаймыз, %:

$\gamma_0 = 100\%$

$\gamma_1 = \gamma_0 + \gamma_4 = 100 + 120 = 220\%$

$\gamma_2 = \gamma_1 = 220\%$

$\gamma_3 = \gamma_0 = 100\%$

$\gamma_4 = C = 120\%$

$\gamma_5 = \gamma_3 + \gamma_8 = 100 + 180 = 280\%$

$\gamma_6 = \gamma_5 - \gamma_7 = 280 - 180 = 100\%$

$\gamma_7 = \gamma_8 = 180\%$

Өнімдердің шығымдарын білу арқылы олардың салмағын анықтауға болады.

$$Q_n = \frac{Q_0 \gamma_n}{100} \qquad (4.12)$$

$Q_0 = 817$ т/сағ

$Q_1 = \frac{817 * 200}{100} = 1634$,т/сағ

$Q_2 = \frac{200 * 817}{100} = 1634$,т/сағ

$Q_3 = 817$,т/сағ

$Q_4 = \frac{100 * 817}{100} = 817$,т/сағ

$Q_5 = \frac{200 * 817}{100} = 1634$,т/сағ

$Q_6 = 817$,т/сағ

$Q_7 = \frac{100 * 817}{100} = 817$ т/сағ

$Q_8 = 817$ т/сағ

2.5 Металл тепе – теңдігін және байытудың санды схемасын есептеу

Кен байытуда алға қойылатын мақсаттардың бірі – кен құрамынан бағалы заттарды неғұрлым толығырақ бөлініп алынуы және алынған өнімдердің сапасының неғұрлым жоғары болуы болып табылады. Осыған сәйкес кен байыту процестерінің нәтижелігі әртүрлі көрсетkіштермен сипатталады. Оларға: бөліп алу дәрежесі, бағалы зат үлесі, байыту тиімділігі, өнім шығымы және қысқарту дәрежесі.

Металл тепе-теңдігі және санды –сапалы схемасы 1-кестеде келтірілген.

Кесте 8 - Металл тепе-теңдігін және байытудың санды схемасын есептеу

Өнімдер	Шығым γ ,%	Бағалы заттың %-тік үлесі β,%	Көбейтіндісі γ*β,%	Бөліп алу дәрежесі, ε %
Мыс кон-центраты	1,6	Cu 26	Cu 42	Cu 85
Қалдық	98,4	0,15	15	15
Кен	100	0,5	150	100

Бағалы зат үлесі:

α_{Cu}=0,5% β_{Cu}=26% ε_{Cu}=85%

Шығым есептеу:

$$\gamma = \frac{\varepsilon * \alpha}{\beta}$$

Концентраттың шығымын есептеу:

$$\gamma_{Cu} = \frac{85 * 0,5}{26} = 1,6\,\%$$

Қалдықтың шығымын есептеу:

$$\gamma = 100 - 1,6 = 98,4\ \%$$

2.6 Флотацияның толық схемасын есептеу

Флотация - бұл минерал бетінің физикалық-химиялық қасиеттерін, олардың сумен сулану қабілетін ажыратуға негізделген байыту әдісі. Кейбір минералдар сулы ортада ұсақ ұнтақталған күйде беті суланбайды да көпіршіктерге жабысып қалқып шығады, ал кейбір минеталдар беті суланып төмен шөгеді.

Мыс кендерін флотациялық байыту кеннің барлық құрамдас бөліктері сумен бірдей жақсы суланбайтынына негізделген, сондықтан кеннің сумен суланбайтын бөлшектері бос жыныстардан бөлек болуы мүмкін. Кеннің суланбайтын бөлшектері үрленетін ауаның көпіршіктерімен бірге көбік түрінде жоғары көтеріледі. Көбік жақсы пайда болу үшін әр түрлі майлар мен қабықтың бетінде пайда болатын басқа да заттар қосылады, олар ауамен көбікке ауысады.

Флотация кезінде белгілі бір жағдайлар жасай отырып, кен жынысын оның құрамдас бөліктеріне бөлуге болады. Бұл процесс флотациялық машиналарда жүзеге асырылады. Флотациялық әдіс өнеркәсіптік мақсаттар үшін кедей кендерді пайдалануға мүмкіндік береді. Флотациямен алынған бай мыс концентраттары құрамында 45-30% мыс бар.

Флотация процесі –флотомашинада жүзеге асырылады. Флотациялық машина - (ағыл. flotation machines) флотация жүргізуге арналған агрегат. Пайдалы компонентті алу мақсатында суспензияға енгізілетін газ

көпіршіктеріне, май тамшыларына және т. б. жабысу қабілеті бойынша сұйық өлшенген ұсақ қатты бөлшектерді (немесе олардың сұйықтықтан бөлінуі) бөлуге арналған сыйымдылық (ванналар немесе камералар) түріндегі құрылғы болып табылады.

Флотациялық машиналардың жұмыс сапасын анықтайтын басты фактор қойыртпақтың аэрация дәрежесі болып табылады. Қойыртпақтың аэрациясы қойыртпақтың көлем бірлігі (л/м3*мин) арқылы уақыт бірлігінде өтетін ауа санымен сипатталады. Флотациялық машиналар негізгі үш топқа бөлінеді: механикалық, пневмомеханикалық, пневматикалық.

Байытудың санды схемасын есептеу әр операцияға қатысты көрсеткіштер қою арқылы тепе-теңдік теңдеуін шешу жолымен жүргізіледі. Жетіспеген көрсеткіштер жинақтау дәрежесінің шамдануына қарай өздігінен қабылданып отырады. Схеманы есептеу төменде келтірілген:



Сурет 6 - Кен байыту схемасы



1. Cu флотациясының III - тазалау операциясы:

$$\begin{cases} \gamma_5 = \gamma_7 + \gamma_8 \\ \gamma_5\beta_5 = \gamma_7\beta_7 + \gamma_8\beta_8 \end{cases}$$

$$\beta_5(\gamma_7\beta_7 + \gamma_8\beta_8) = \gamma_7\beta_7 + \gamma_8\beta_8$$

$$34*(2{,}85*38 + 30\gamma_8) = 108{,}3 + 30\gamma_8$$

$$\gamma_8 = \frac{3573{,}9}{990} = 3{,}61$$

$$\gamma_5 = 3{,}61 + 2{,}858 = 6{,}46$$

2. Cu флотациясы бөлу сұрыптау:

$$\begin{cases} \gamma_0 = \gamma_1 + \gamma_2 \\ \gamma_0\beta_0 = \gamma_1\beta_1 + \gamma_2\beta_2 \end{cases}$$

$$\gamma_0 - \gamma_2 = \gamma_1$$

$$\gamma_0\beta_0 = \beta_1(\gamma_0\beta_0 - \gamma_2\beta_2) + \gamma_2\beta_2$$

$$1{,}2*100 = 1{,}1*(1{,}2*100 + 1{,}5\gamma_2) + 1{,}5\gamma_2$$

$$\gamma_2 = \frac{252}{3{,}15} = 80$$

$$\gamma_1 = 100 - 80 = 20$$

3. Cu жалпы қалдық :

$$\begin{cases} \gamma_{18} = \gamma_{16} + \gamma_{10} \\ \gamma_{18}\beta_{18} = \gamma_{16}\beta_{16} + \gamma_{10}\beta_{10} \end{cases}$$

$$\gamma_{18} - \gamma_{16} = \gamma_{10}$$

$$\gamma_{18}\beta_{18} = \beta_{10}(\gamma_{18}\beta_{18} - \gamma_{16}\beta_{16}) + \gamma_{10}\beta_{10}$$

$$0{,}12*97{,}15 = 0{,}1*(0{,}12*97{,}15 + 0{,}13\gamma_{16}) + 0{,}13\gamma_{16}$$

